



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igitman01@mail.ru

№33 (9587) 16 тамыз 2024 ж.

«АМАНАТ» партиясы

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАПҚА САЛЫНДЫ

Жуырда «АМАНАТ» партиясы Сарқан аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының кезекті жиналысы өтті.

Жиын барысында екі мәселе Сарқан аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлім басшысының 2024 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмысы және жыл соңына дейін атқарылатын жұмысы туралы есебі, сондай – ақ Бақалы мен Екіаша ауылдық округ әкімдерінің өткен жылы және ағымдағы жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмысы және жыл соңына дейін атқарылатын жұмысы туралы есептері тыңдалды.

Партиялық бақылау комиссия мүшелерінің алдында алдымен аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Мұратбек Рымбаев аймақтағы жалпы құрылыс барысымен

оның ішінде қала бойынша инженерлік құрылымдар турасындағы мәліметтерімен бөлісті. Өңірімізде туризм саласының дамуына тың серпін беретін ауқымды жобалардың негізі - Балқаш көлінің жағалауында тартылып жатқан инфрақұрылым жайы да Мұратбек Мұхамбекұлының баяндамасына өзек болды. Ал Бақалы мен Екіаша ауылдық округ әкімшіліктерінің бас мамандары ауылда 2023 жылы атқарылған шаруалар, оның ішінде денсаулық, жол, жарықтандыру, ойын алаңдарын, мектептерді жөндеу, жаңадан стадиондар салу, тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша атқарылған жұмыстарды сарапқа салып,



жоспарларымен бөлісті. Соңында баяндамашылар партиялық бақылау комиссиясы мүшелерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшіміз.

18 тамыз – Спорт күні

Жеңісті әрі жемісті күндеріміз көп болғай

Спорт күні - бұл дені сау ұлтты қалыптастыру ісіндегі мемлекеттік саясаттың жетістіктерін көрсететін күн іспетті. Егемен елімізде спорт күні 2003 жылы белгіленіп, жыл сайын тамыздың үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Спорт күні спорт пен дене шынықтыруға, салауатты өмір салтына деген қызығушылықты дамытуға және оятуға арналған. Спорт адамды да, әлемді де өзгертеді. Оның құндылықтары адамдардың бірлігі мен ынтымақтастығына сонымен қатар бейбіт өмір сүруіне, денсаулық пен көңіл-күй деңгейін көтеруге қызмет етеді.

(Жалғасы 7-бетте).

«Таза Қазақстан»

Республикалық экологиялық акциясы



Бұлақ бастауы реттелді

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасын табуда. Акцияның мақсаты – тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштікті, табиғатты қорғау, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәріптеу. Әрбір адам өзінің ауласын, көшесін таза ұстап, тазалыққа өзінің үлесін қосу керек.

Кең ауқымдағы әрі жаңа форматтағы акцияның «Мөлдір бұлақ» шарасы аясында Сарқан қалалық әкімшілік қызметкерлері мен қоғамдық жұмыскерлер «Жеті бұлақ» бастауын тазалап, ретке келтірді. Атап айтқанда бұлақ басындағы өсіп кеткен шөптер шабылып, бейсауат жатқан заттар жиналды.

Республикалық экологиялық акцияға азаматтық жауапкершілігі жоғары барлық қоғам мүшелері белсене атсалысуда. Экоакция өңірімізде жалғасын таба беретін болады.

Өз тілшіміз.

ТАҒАЙЫНДАУ

САРҚАН АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӨКІМІМЕН КАНАПИЯНОВ АСЕТ ТАНАТАРҰЛЫ 2024 ЖЫЛҒЫ 12 ТАМЫЗЫНАН БАСТАП «САРҚАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.



Канапиянов Асет Танатарұлы, 1978 жылдың 4 тамызда Алматы облысы Сарқан ауданы Қойлық ауылында дүниеге келген.

Екі жоғары білімі бар. 2007 және 2013 жылдары Орталық Азия және Алматы Үздіксіз білім беру университеттерін аяқтап, құқықтану және инженер мамандықтарын иеленген.

Мемлекеттік қызмет өтілі – 9 жыл 9 ай. Жалпы еңбек өтілі – 18 жыл 1 ай.

Еңбек жолын 2003 жылы «Элитстрой» ЖШС-нің тас қалаушысы қызметінен бастады.

Әр жылдары «Элитстрой» ЖШС-нің бригадирі, участоктің шебері, «Альянс строй инвест» ЖШС-нің құрылыс учаскесінің I категориялы шебері, «Асатай» ЖШС-нің прорабы, «Талғар ауданының жер қатынастары бөлімінің инспекторы, Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы, Талғар ауданы Алатау ауылдық округінің бас маманы қызметтерін атқарды.

2021 жылдан бері Сарқан ауданының Бақалы ауылдық округі әкімінің қызметін атқарып келді.

САРҚАН АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Жетісу облысы Сарқан ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жетісу облысы Сарқан ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2029 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

2. Осы шешім оның басылымдарда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

РЕШЕНИЕ САРКАНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Об утверждении программы по управлению коммунальными отходами в Сарканском районе области Жетісу на 2024-2029 годы

В соответствии с подпунктом 1) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить программу по управлению коммунальными отходами в Сарканском районе области Жетісу на 2024-2029 годы согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель районного маслихата

ВРАЧИ НАПОМИНАЮТ О ВАЖНОСТИ ЕЖЕГОДНЫХ СКРИНИНГОВЫХ ОСМОТРОВ

Скрининг — это профилактический медицинский осмотр граждан определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях. Данные обследования помогают выявить заболевание на ранней стадии или предрасположенность к нему, подобрать оптимальное лечение и назначить комплекс профилактических мер.

Скрининги проводятся бесплатно. Финансирование профилактических осмотров осуществляется за счет средств ОСМС, поэтому для прохождения скрининга необходимо иметь статус застрахованности. А после определения статуса нужно обратиться в скрининговый кабинет поликлиники с документом, удостоверяющим личность.

Отметим, скрининговые осмотры взрослого населения направлены на раннее выявление и предупреждение основных болезней системы кровообращения — артериальной гипертензии, ишемической болезни сердца, целевая группа от 30 до 70 лет каждые 2 года, сахарного

диабета среди мужчин и женщин, целевая группа от 30 до 70 лет каждые 2 года, предопухолевых, злокачественных новообразований шейки матки среди женщин, целевая группа от 30 до 70 лет, каждые 4 года, предопухолевых, злокачественных новообразований молочной железы среди женщин, целевая группа от 30 до 70 лет каждые 2 года, глаукомы среди мужчин и женщин, целевая группа от 30 до 70 лет каждые 2 года, предопухолевых, злокачественных новообразований толстой и прямой кишки среди мужчин и женщин, целевая группа от 50 до 70 лет каждые 2 года.

«По результатам скрининговых исследований в городской поликлинике за 2023 год выявлены 19 случаев рака молочной железы, 4 случая рака шейки матки на ранней стадии и 6 случаев колоректального рака, 754 случаев болезней системы кровообращения, 47 случаев сахарного диабета выявленные пациенты своевременно взяты на динамическое наблюдение, оздоровлены. Благодаря выявлению



заболеваний на ранних стадиях, пациенты сохранили качество жизни, трудоспособны. От имени медицинских работников городской поликлиники призываем население города Талдыкорган заботиться о своем здоровье и своевременно проходить скрининговые осмотры» - говорит

заместитель директора Талдыкорганской городской поликлиники Айна Тлеукунова.

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования».



Ата заңым - айбыным

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан мемлекетінің Ата заңы - 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум өткізу жолымен қабылданды. Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады. 2022 жылдың 5 маусымында елімізде Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы референдум өтті. Бұл ел тарихында бірінші рет жалпыхалықтық дауыс беру арқылы негізгі заңға өзгертулер енгізілді. Басқарудың суперпрезиденттік түрінен күшті парламенті бар президенттік басқару түріне көшумен қатар, енді Конституцияға президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқаруға тыйым салынады. Сонымен қатар, жер мен оның қойнауы халық меншігіне өткен тармақ пайда болды. Тағы бір маңызды өзгеріс — Конституциялық сот құрылды. Алдымызда келе жатқан мерекенің қарсаңында барша халықты 30 тамыз - Конституция күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, бейбітшілік және тұрақтылық тілеймін! Береке — бірлігіміз мәңгілік болсын!

Б.МАЛДЫБАЕВА,
Сарқан аудандық
қазынашылық басқарма
басшысының орынбасары.

Коррупция — социальное зло

В настоящее время коррупция является одной из основных проблем современного общества, напрямую влияющей на уровень жизни и достаток граждан. Ни одно государство в мире полностью не искоренило коррупцию, удается лишь снизить ее уровень. Отрадно, что наше государство активно борется с данным социальным злом, ярким подтверждением этому являются меры, принимаемые для ее снижения. Стоит отметить, что в 2022 году утверждена Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы. С момента принятия Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы, проведена колоссальная работа по минимизации коррупции в нашем государстве. Так, Законом РК «О государственной службе Республики Казахстан» обеспечен переход к «карьерной» модели государственной службы, внедрены принципы меритократии через механизмы открытого конкурсного отбора, продвижения на основе компетентности. Сокращены условия для командных перемещений, фундаментально пересмотрена система оценки эффективности государственных служащих, проведено апробирование новой системы оплаты труда в зависимости от результатов работы.

Благодаря данным нововведениям у всех граждан есть возможность занять желаемую должность вне зависимости от его материального, социального положения и статуса; наличие родственных связей и знакомств в верхних эшелонах власти также не влияет на его трудоустройство. То же самое касается и действующих государственных служащих при продвижении их по службе.

Введение новой системы оплаты труда для государственных служащих весьма положительно сказывается на формировании нулевой терпимости к коррупционным правонарушениям. Стоит отметить, что для противодействия коррупции активно используется потенциал общественности, усилен общественный контроль, представленный целым рядом неправительственных организаций. При Агентстве по противодействию коррупции созданы Специальные мониторинговые группы, которые состоят из представителей общественности, главная их цель - оценка реализации Антикоррупционной стратегии.

Одним из важнейших факторов противодействия коррупции является автоматизация бизнес-процессов. Государственная программа «Цифровой Казахстан» призвана создать удобства для получе-

ния государственных услуг казахстанцев, а также исключить прямой контакт при обращении в государственные органы.

На сегодняшний день получить государственную услугу можно по принципу «одного окна», достаточно обратиться в центры обслуживания населения либо через Портал Электронного Правительства (www.egov.kz).

Помимо профилактических мер, также усилена ответственность за коррупцию и обеспечение неотвратимости наказания. Введен пожизненный запрет на трудоустройство на государственную службу и в субъекты квазигосударственного сектора для лиц, совершивших коррупционные преступления.

К примеру, лицо, которое ранее привлекалось к уголовной ответственности за коррупционное правонарушение, в дальнейшем не сможет трудоустроиться в государственные учреждения не только на руководящую должность, но и на должность административного персонала.

Помимо всего прочего, для осужденных за тяжкие и особо тяжкие коррупционные преступления исключена возможность применения условно-досрочного освобождения. Установлен запрет на отбывание наказания за взяточничество сразу в учреждении минимальной безопасности.

Введен институт персональной ответственности руководителей государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора за коррупцию подчиненных. Руководитель несет ответственность за действия своих подчиненных; зарегистрированные факты совершения ими коррупционных правонарушений свидетельствуют о слабой профилактической работе и отсутствия контроля со стороны руководства.

Коррупция — одна из важнейших угроз национальной безопасности государства, наряду с терроризмом и снижением уровня обороноспособности страны. Неспроста данному вопросу уделяется особое внимание со стороны Президента Республики Казахстан и Правительства. Искоренение коррупции в государстве положительно сказывается на всех сферах жизнедеятельности: здравоохранение, образование, социальное обеспечение и т.д.

Противостоять этому недугу — обязанность каждого гражданина страны!

Г.КАРНАУХОВ,
руководитель Сарканской районной территориальной инспекции КГИ в АПК МСХ РК.

Өзекті

Алимент төлемейтін әке көп

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі - алимент мәселесі болып тұр. Ажырасу көп болғандықтан, борышкерлер саны да өсуде. Бауыр еті балаларынан безіп, алимент төлемей қашып жүрген безбүйрек әкелердің жыл санап өсіп келе жатқандығы жасырын емес.

Басты себебі - тұрақты жұмыс орнының болмауы. Ажырасқан азаматтардың көпшілігі алиментті уақытында төлемей жалтарса, қалғаны мүлде төлемейді. Бұған жоғарыда атап өткендей, жұмыссыздықпен бірге ішімдікке салынуы себеп болуы мүмкін.

Өкінішке орай, жалақысын әдейі дұрыс көрсетпей, төмендетіп жаздыртып алу фактілері де кездеседі.

Осы орайда алимент төлемей қашып жүрген безбүйрек әкелерге мәжбүрлеу шаралары қолданылады, есеп шоттары бұғатталады, шетелге шығу құқықтарынан айырылады, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылғанын ескертеміз.

Осы бағытта аудан аумағында тәртіп сақшыларымен бірлесіп рейд жұмыстары жүргізіліп, ағарту, алдын алу шаралары тұрақты түрде өткізіледі. Бұл жұмыстар әлі де өз жалғасын табатын болады. Өз туған баласынан безініп, олардың тағдырына, болашағына бей-жай қарайтын тасжүрек әкелерге алимент төлеттіру мәселесі біздің тұрақты назарымызда болады.

А.ИМАНДУСАНОВ,
Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

Өнер күнделігі

Ұлы Абайдан қалған рухани қазына әр қазақ үшін сарқылмас байлықтың қайнар көзі екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Тұрған бойы ғақлияға толы 45 қара сөзі ғұмыр бойы қаламынан туған өлеңдерімен астасып, әр қазақтың жүрегіне ұя салғаны қашан. Хәкімнің айтқанына құлақ асып, ақылын тыңдасақ өмір-керуеніндегі көшіміз бұдан да көрікті болары сөзсіз. Сондықтан да жыл сайын хәкім Абайдың туған күні тамыздың 10-ы қарсаңында ақын жырлары мен әндері қайталанып, жаңғырып жатса ұлылықтың ұмытылмағаны деп білеміз.

"Абай жаққан бір сәуле" деген тақырыппен тамыздың 9-ында "Жастар" саябағының сахнасында Абай Құнанбаевтың 130 жылдығына арналған әншілер байқауы өтті. Байқауға қатысушылардың өнерін аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбе-



ков, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман бағалады.

Байқауға ауданның елді мекендерінен 14 үміткер қатысты. Қатысушылардың арасында 10-15 жастағы жеткіншектер де, 20-50 жас аралығындағы өнерпаздар да болып, Абай әндерін орындауда бақ-талайын сынады.

Байқау нәтижесінде I орынды ұлы

ақынның "Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?" туындысын нәшіне келтіре орындаған Алмалы ауылдық мәдениет үйінің қызметкері Жансая Қалимолда жеңіп алды.

Сонымен қатар Қойлық ауылынан келген Гүлишат Қадырхан "Сегіз аяқ" әнімен, Екіаша ауылының өнерпазы Байсерке Бабайқары "Айттым сәлем, Қаламқас" әнімен, Айым Нүсіп "Желсіз

түнде жарық ай" әнімен дараланып, жүлделі орындарды еншіледі. Арнайы жүлде байқауға белсенді қатысқан Бақалы ауылдық мәдениет үйіне берілді.

**Ерсайын ТҰРСЫН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің студенті.**

Әдебиет әлемі

Жомарт ИГІМАН

Баршамыз да бұл фәни жалғанда қонақпыз. Бірақ, қашан қанатымыздың қайырылары жаратқанға ғана аян. Өзіңмен өмір атты сапарда кездесіп, жүздесіп, ортақ тіл табысып, ортақ мақсат жолында үндестік тапқан адамың ойда жоқта келмес сапарға аттанғанда жан дүниенің құлазып қалатындығы заңдылық. «Мұратбек Оспанов өмірден өтіпті» деген суық хабарға басында сенбесек те, өлеңдегі өзінше өрнегін көңілімізге тоқып жүретін қаламдастарының қатарында амалсыз қоштасуға тура келді. Жаның жәннатта, топырағың торқа болсын! Сен көрмеген қызықтар мен қуаныштарды артыңда қалған жан жарың, балаларың, немерешөберелерің көруге жазсын! Алла тағала соларға ғұмыр берсін дейміз!

Біз қабырғалы оқу орны КазГУ-де жолықтық. 3 курсқа қадам басқанда бізден кейінгі талантты толқынның әдейілеп басын қосқандай кілең жампоздардан тұратын 1 курстың болашақ ақындарымен дидарластық. Солардың ішінде сенің өрнегің, айналайын Мұратбек, ерекше еді. Әр өсімдіктің өзінше өсіп-өнетіні сияқты талантты жастың әдебиетке өз үнімен келуі мәртебе емес пе?

-Табиғатпен тамырласпын

мен өзім,

Тағдырласпын, жан мұңдаспын,
сеземін.

Дала жаққа аңқам ауып тұрады,
Сол даладан табылардай керегім.
Жантайғанда жастық етіп желегін,
Мың бұралған талдан

таспа өремін.

Жаным ашып жағалауда

қараймын,

Жартастарға су мүжіген кемерін,-
деп әрбір өлеңінде өзіндік ой өрнегі көрініп тұратын Мұратбек ақын жастайынан шындықты өз көзімен тани білді.

Көркем шығарма тудыру үшін талант, қабілет қандай қажет болса, дүниетаным да сондай қажет. Егер өмірді өзінше көре білмесең көргеніңді терең қорытып, әлдебір ақиқатқа қол жеткізбесең, соны айтып беруге әсерленбесең, от болып тұтанбасаң, оқ болып атылмасаң

Ақын бауырым, іні досым Мұратбектің маған сыйлаған кезекті бір кітабы «Дүние дидар» деп аталады. Дидарласатын, анда-санда жүздесетін, сырласатын достан тағдыр айырғанда естелігіме амалсыздан «Дүние-ғайып» деп тақырып қойдым.



Дүние-ғайып

– онда ақын болам дегеніңіз бос әурешілік. Біз білетін Мұратбектің таным-түсінігі терең. Абай елінде туып-өскендіктен ұлы ақынның ғақлиясын жүрегіне сіңірген ақынның көркемсөзде кібірткітеуі мүмкін емес болатын.

-Ей, күрең күз, күрең күз,
Екеуіміз де бір өңбіз.

Сенен жеміс төгілсе,
Менен өлең күрерміз.

Сенің күнің ызғарлы,
Менің тілім мұзданды.

Сен қатырдың жылғаңды,

Менде айтылмай мұң қалды,-деп жер-жаһанның мұңын жеткізуге талпынды.

Өз жұртына айтары бар таланттың жаны тыныштық көрмейді. Ол қоғамдық ойлардың қалың ортасында жүреді. Өмірдің оң-терісін шығармашылығына арқау етеді, жетістігіне қуана біледі, кемшілігіне қайғырады, өзіне сөз келмейтін ұяттан да қызарады. Ол өмірдің алға тартқан сауалына жауап қайтару үшін өзіне маза бермейді. Ізденеді, ілгеріге қадам жасайды, бір орында тұруды айып санайды. Мұратбектің ізденісі

сол жас кезінде-ақ айналасына аян болды. Университеттегі оқудың ортасында әскер қатарына алынып, дипломды қолына кештеу алғанымен өмірдегі үлесінен кешігіп көрген жоқ.

1989 жылы жас ақын-жазушылардың слетінде бірге болдық. Апта бойы жаңа өлеңдеріміз әріптестер арасында оқылып, аға буын өкілдері тарапынан талқыланып жатты. Жақсы баға естідік, келер күнге құлшынысымыз еселене түсті. Қарауылда өсіп-өніп, Алматыда жиырма бесін қалдырып, оқуды аяқтаған соң біздің өңірдің – Жетісудың қызына үйленді. Орда бұзар отызда Семейде газет беттерінде елдің жырын жырлады, мұңын мұңдады. Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов өмірге қанат қақтырған «Абай» журналының жауапты хатшысы болып қаншама жыл журналды Алматыдан шығарып жүрді. Кейіннен осы үлкен басылымның бас редакторы ретінде журналды қалың елмен қауыштыруға қабілет-қарымын жұмсады. Іздене жүріп соңына өлмейтін өлең кітаптарын қалдырды. Толғаулары, балладалары, поэмала-

ры қуатты тілімен, орнықты ойымен әдебиетте бағаланды да. Ана жылдары Алматыда Ғалымдар үйінде шығармашылық кешін өткізгенде ақынның өзіне тән қолтаңбасы дараланғаны қарымды қаламгерлер тарапынан айтылғанына куәміз.

Өткен жылы өмір парағын ертерек жапқан ақын досымыз Қайрат Әлімбектің туғанына 60 жыл толуына арналған басқосуда Талдықорғанда жүздесіп едік. Осындай дидарласу жалғасын таба береді деп жүретін алаңсыз ойымыздың ажал шіркін тас-талқанын шығарды.

Әдебиет - адамгершіліктен туады. Талант қанша жалындап тұрғанымен өз жақсылығы өзінен артылмаса қоғамда ізі қалмайды. Қызыл сөзге үйірлікпен, ортаға жиі шығумен көрініп қалайын деген желөкпенің өнердегі ертеңі бұлыңғыр. Біздің Мұратбек досымыз сияқты елінің, жерінің ыстық-суығына араласқан қаламгер ғана қайраткерлік деңгейіне көтеріледі.

-Шаттанғанда қуаныштан желпініп,
Тапталғанда көкірекке шер тұнып.
Кейде осылай отырамын кеңесіп,
Келешекті көз алдыма келтіріп.

Таусылған ба ақындардың

арманы,

Тамсандырған тәтті өмірдің

бал дәмі.

Түніменен бүгінімді түгендеп,

Ақ таңыма үңілемін алдағы,-деген арманшыл ақынның тәуелсіздік туын желбіреткен еркін елдің төрт құбыласы теңелгенін көрсем деген мақсат-мұраты жүзеге асарына бек сенімдіміз.

Өмірден ақын өтті. Мұратбек жайындағы, оның ақындығы, азаматтығы, адамгершілігі турасындағы ел жүрегі елжіретер есті естеліктер әлі де айтыла жатады. Халқының маңдайына біткен талантты тұлға арамыздан алыстап, жанымызды жабырқатып кеткенімен жақсы жанның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Мәңгі өмір жоқ – мәнді өмір ғана бар.

**Суретте: Солдан оңға қарай
Жомарт Игіман, Төлеухан Аязбаев
және Мұратбек Оспанов.**

Кәкімжан атамызбен мақтанамыз

Саялы Сарқанның топырағында туған мықты азаматтар көп. Олардың ерліктерін, еліне жасаған жақсылығын біз үлгі тұтамыз. Қасиетті жерде туған, еліне адал қызмет еткен атамыз Кәкімжан Қазыбаевтың есімін ерекше айта аламыз.

Журналистика үлкен әлем. Осы әлемнің дамуына көп үлес қосқан Кәкімжан Қазыбаев туған топырақта мен де тудым. Сондықтан да атамыздың ерлігін, адал ісін зор мақтанышпен айта аламын.

Қалам ұстап, жақсы жаңалықты жазған атамыздың мұрасы өте көп. Әсіресе, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан ата Қошқарбаев туралы жазғанын көп адам оқыды. Біледі де. Бұл туралы анам да, мектептегі ұстазым да айтып берген. «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» мақаласына қазақтың батыры туралы жақсы жазған. Аталарымыз бірін-бірі демеп, қазақты қолдап жүргені бізге үлкен сабақ болып келеді.

Бақалы ауылында туған Кәкімжан атамыз ата-анасынан ерте айырылады. Өмірдің бар қиындығын көреді. Бірақ ол ешқашан да мойыған емес. Еңбекқор, ізденімпаз, сабырлы мінезінің арқасында қазаққа көп қызмет етті. Қаламгер атамыз көбіне адалдық, әділдік, тарих туралы көп жазды. Отанын, туған жерін, елін жақсы көруді көп жазған. Бұл туралы үйде ата-анамыз, мектепте ұстаздарымыз айтады.

Кәкімжан Қазыбаев үнемі жұмыс істеп, еңбек етуден жалыққан емес. Өте еңбекқор адам болған. Соның нәтижесінде көптеген мақала, очерк, роман жазды. Атамыз күнделік жазуды әдетке айналдырған екен. Алайым екеуміз газет, журналдардан іздегенде көп мақалаларын оқыдық. Бір жолы күнделігіне былай деп жазыпты: «Бүгінде менің тілім тұншығуда. Тіл өлсе, ұлтымыз да өледі. Қазақ тілінің халі өте мүшкіл. Егер атасы немересінің тілін түсінбесе, егер әкесі баласына орыс тілінде сөйлесе, мұны Лениннің ұлттық саясаты тұрғысынан дұрыс деуге келе ме? Қазақтар 100 пайыз өз ана тілін білмейді». Осыны оқығанда мен қатты намыстандым. Шынымен біз қазақша сөйлеуден қалып бара жатырмыз. Қазақтың өзі орысша сөйлегенде жүрегі ауырады. Менімен жасты ұл-қыздар көбіне орысша сөйлейді. Бірақ олардың ата-аналары да қазақша сөйлеп жатқан жоқ. Сонда қазақ тілі кімге керек? Неге біз өз тіліміздің қадірін өзіміз білмейміз. Атамыз осы мәселені айтып, уайымдаған.

Кәкімжан Қазыбаев – қазақ тарихында аты алтын әріппен жазылған ірі тұлға, көрнекті қайраткер, алып азамат. Біз бастауыш сыныппен қоштасқан соң Кәкімжан Қазыбаев атындағы орта мектепте білім алатын боламыз. Бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Атамыздың есімі берілген мектепте оқыған барлық оқушы білімді, зерек, ақылды болуы керек. Біз жас ұрпақ, атамыздың атына кір келтірмеуге тиіспіз. Мен де өскенде атам секілді журналист, жазушы болғым келеді. Ол үшін көп оқу керек. Шығарма жазу керек.

Кәкімжан Қазыбаев атамыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Себебі біз жас ұрпақ оған жол бермейміз.

Айзере СЕРІКБОЛҚЫЗЫ,
Тасқұдық бастауыш мектебінің 2 сынып оқушысы.
Сынып жетекшісі Назым КЕНЖАХАНҚЫЗЫ.



Халқының бағы

Өнеге ол Бақалының баласына,
Құштар еді туған елдің даласына.
Халқының бағы үшін қызмет ету,
Орнату еді сән-салтанат санасында.
Шырқады ол шыңы биік ғылымға,
«Аманатта» айтып кетті шынын да.
Елінің тарихының ақтандығын,
Көрсете білген еді «Сұрапылында».
Жыл асқан сайын еңбегі жанып, өрледі,
Бөленіп бақыт қызметінің өрелі.
Мектебі мен ауылының атын беріп,
Елі де оның сенімін ақтап ерледі.

А.ИБРАЙХАН,
К.Қазыбаев атындағы орта
мектебінің 9 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Б.ЖАНЫСБАЕВА.

Кәкімжан атаға

Ұмытылмас атыңыз ата сіздің,
Жолы болмас өмірде батасыздың.
Елім үшін жасаған еңбегіңіз,
Біздің ауыл атында ата сіздің.

А.ШАЙМЕРДЕН,
Ағарту бастауыш мектебінің
4 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Г.Умирзакова.

Өшпес мұра қалдырған

Кәкімжан Қазыбаев 1929 жылдың 10 мамырында Алматы облысы, Сарқан ауданындағы Ағарту совхозында, қазіргі Кәкімжан Қазыбаев ауылында дүниеге келген. Ол кісі көркем мінезді, сабырлы, айналасына шуақ шашып тұратын жайдарлы жан еді. Сөйлеген әр сөзінен жылулық білінетін. Нағыз интеллект адам еді. Түрлі шығармалар жазған, аударған, артынан қалған ұрпағына көптеген мұра қалдырды. Өз ісіне адал, еңбекқор жан.

Қазіргі таңда К.Қазыбаев атындағы орта мектебінде атамызға арналған музей бар сол музейге барып атамыздың өмір жолымен таныстық. Қазақ халқына еңбегі сіңген жазушы екенін тағы да қуанышпен мақтанып айта аламын.

К.БЕДЕЛХАН,
Ағарту БМ 3-сынып оқушысы.
Жетекшісі: Ә.ҚАЛДЫБАЕВА.



•Тәрбие



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСİNДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Тәрбие бастауы отбасынан басталады. Отбасы – адам баласының өскен алтын ұясы. А.С.Макаренконың сөзінде бойынша, «...Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын... адамның ең басты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны». Бала өмірінің алғашқы күннен бастап ата-ана өздерінің негізгі борышы болып саналатын – бала тәрбиесіне көңіл бөлуге міндетті. Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесінде қоғам мен ата-аналар алдында үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу, мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасы тәрбиесі сабақтастық орнатқанда ғана тәрбие жұмысы сапалы түрде жүзеге асады.

«Тәрбие басы тал бесік» деп халқымыз айтқандай, сәби дүниеге келгеннен бастап, ақылына көркі сай, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше мән берген. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай: «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, апаты» - деп тәрбие мәселесін жоғары бағалаған.

«Балапан ұядан нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деп халқымыз да, отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың өзі де тәрбиелі, өнегелі, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу боуды, заман ағымына сай болуды, тәрбиенің бастуы өзіміз ата-анадан басталады. Өйткені тәрбиенің негізі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады. Балаға айналадағы қоршаған ортаның әсері мол. Үлкендердің және өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл күй ерекшеліктері, жұрыс-тұрысы, еңбек әрекеті бәрі де балаға үлгі-өнеге. Баланың жеке тұлға болып қалыптасуына отбасындағы тәрбиемен қатар балабақшада берілетін тәрбиенің де әсері мол.

Отбасының темір қазығы, алтын тіреуі, берік діңгегі – бала. Сол жас ұрпақты тәрбиелеу отбасының міндеті. Егеменді еліміздің қанат жайып, дамуы мен мәртебесін асқақтатып, қазақ ғылымын дамытатын осы жас ұрпақтарымыз!

С. ШАБДЕНОВА,
Әл-Фараби атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы және
Еркін бастауыш мектебімен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
шағын орталық тәрбиешісі.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Мұғалім – әлемдегі ең үздік мамандық



Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады

(Абай Құнанбайұлы).

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр мұғалімнің борышы. Ол — өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.

Мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Қиын да маңызды міндеттерді жүзеге асыра алатын, тек ұлағатты ұстаз. Осындай ауыр жүкті алып жүріп, біздерді терең біліммен қаруландырып, үлкен өмірге дайындау тек білікті ұстаздарымыздың қолынан келемек. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды.

А.АБДРАХМАНОВА,
«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі.

Жеңісті әрі жемісті күндеріміз көп болғай

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Сарқан ауданында да соңғы жылдары спорт саласы ерекше қарқынмен дамып келеді деуге толық негіз бар. Мемлекет тарапынан қолдау да қамқорлық та ерекше сезіледі. Жыл сайын әрбір ауылдық округте заманауи үлгіде футбол алаңдары салынып, көптеген өзге де спорттық нысандар пайдалануға берілуде. Салаға деген жанашырлықтың нәтижесінде соңғы уақытта өңіріміздің атын биік спорт бәсекелерінде шығарып жүрген жерлестеріміз көбейді. Халықаралық, әлемдік спорт додаларында топ жарып жүрген жастарымыз баршамыздың мақтанышымыз.

Жалпы, ауданымызда спортпен жүйелі түрде 15510 адам шұғылданады, бұл дене шынықтыру және спортпен айналысатын аудан халқының 39,1% құрайды. Ағымдағы жылы аудан спортшылары Әлем, халықаралық, республикалық және облыстық жарыстарда 370 медаль, оның ішінде: 157 алтын, 96 күміс және 117 қола медаль жеңіп алып, аудан мерейін үстем етуі жоғарыдағы сөзімізге жарқын мысал.

Солардың қатарында, бокстан Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы, ауданымыздың тумасы Сыдық Аяжан, ауыр атлетикадан Перу мемлекеті, Лима қаласында өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Құрманбек Ақжол, велоспорттан Азия чемпионатының қола жүлдегерлері Заам Евгения мен



Саркулова Алина, пара дзюдо күресі бойынша Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрдаулетұлы Асылан, еркін күрестен Азия чемпионатының күміс жүлдегерлері Үзембаев Абылайхан мен Алмасұлы Нұрали, джиу джитсудан Азия чемпионатының жеңімпазы Байгерім Ерасыл сынды спортшыларымыз бар. Әрине, мұның бәрі қажырлы еңбектің және білікті жаттықтырушылардың жұмысының нәтижесі, олардың қатарында: джиу джитсудан Хабдулин Жандос, Бабашева Зауре, ауыр атлетикадан Жаманқыз Нұрболат, еркін күрестен Балабеков Дастан, волейболдан Әмірғалиев Олжас, қол күрестен Қадырбаев Қуаныш, Рысбаев Еділ, грек рим күресінен Маганбетов Маулен және тағыда жоғары дәрежедегі жаттықтырушылар бар.

Аудандық бұқаралық іс-шараларды өткізу орталығымен үнемі түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Ағымдағы жылдың 09 тамыз күні «Спорт күні» кәсіби мерекесіне орай шағын футболдан аудан тұрғындары

арасында аудандық чемпионат өтті.

Аудандық чемпионатқа өңірімізден 11 құрама команда қатысып, жарыс қызықты да тартысқа толы өтті. Жарыс нәтижесі бойынша I орынды Сарқан жылу командасы алса, II орынды Бақалы командасы иеленді. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен және кубок, дипломдармен марапатталды. Осы орайда жарыс демеушісі аудандық футбол федерациясының президенті Мухит Арап Меденұлына алғыс білдіреміз!

Ал 9-шы тамыз күні Қойлық ауылдық округінің спорт нұсқаушысының ұйымдастыруымен спорт күніне орай ауыл тұрғындары арасында үстел теннисінен ауыл біріншілігі өткізілді. Аталған жарысты Қойлық ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Шарипова Гүлзада салтанатты түрде ашып, спортшыларға сәттілік тіледі. Жарыстың мақсаты ауыл тұрғындарын спортқа баулып, кешкі уақытты тиімді өткізу. Жарысқа 20 спортшы қатысып өзара мықтыны анықтады. Жарыс нәтижесінде Құрманғалиев Саят I орынды жеңіп алса, II орынды Бейсенбек Жәнібек, III орынды Сембаев Жоланам иеленді. Жеңімпаздар арнайы грамота, медальдармен марапатталды. Жарыс қызықты әрі тартысты өтті.

Осындай жүйелі жұмыс бар жерде алар асуымыз қашанда биік болады деген зор сенім бар. Ауданымыздың атын асқақтататын жеңісті әрі жемісті күндеріміз көп болғай!

П.ЖЕҢІСХАН.



Жақсылық жасасаң кісіге - береке кірер ісіңе

Бүгінгі күні бір баланың өзін мектепке дайындау ата-анаға әжептәуір салмақ түсіретіні анық. Ал, отбасында бірнеше бала болса ше? Әлбетте, мұндай жағдайда әкешеше барлық баласын бірдей жаңа оқу жылына сақадай сай етіп даярлай алмасы анық. Бұдан басқа да әлеуметтік көмекті қажет ететін тұрмысы төмен, толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған балалар бар. Оларға да көп болып көмек көрсету игілікті іс. Осыған орай жыл сайын еліміз көлемінде «Мектепке жол!» атты республикалық акциясы өткізіліп келеді

Акцияның мақсаты жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады. Бұл акция көптеген жеткіншекке шапағат нұрын себуге. Бұл бір реттік қана көмек емес, жыл бойы жалғасып отыратын үрдіс. Осы ретте акция кезінде ғана емес, басқа уақытта да тұрмысы төмен отбасын азық-түлікпен, балаларды қыстық киіммен қамтып, тұрақты демеушілік көрсетіп тұратын азаматтардың бары қуантады.

Осы орайда Екіаша орта мектебінің оқушыларына сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген отбасы оқушыларымен де арнайы жұмыс белсенді түрде жүргізілетіндігін атап өткіміз келеді.

Шапағаты мол акция аясында оқушылар оқуға қажетті құрал-жабдық, мектеп формасымен қамтылып келеді. Бұл іске аудандық, ауылдық әкімдіктен бастап, түрлі мекеме, ұйымдар белсенді түрде атсалысып келе жатқанын айта кеткен орынды. Ұстаздар, кәсіпкерлер, жеке шаруашылық иелері демеушілік көмек көрсетуде. Мысалы акцияның алғашқы он күндігінде 7 оқушы мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды. Білім ордамызда «Мектепке жол» акциясы әлі де жалғасын табуда, жеткіншектердің езуінен күлкіні көру үшін әлі де демеушілер іздестірудеміз. Қуаныш пен күлкі сыйлап отырған барлық демеушілерге алғысымыз шексіз.

А.СЫДЫКОВА,
Екіаша орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

101 ескертеді



Судағы қауіпсіздік

Суға шомылу кезінде қарапайым ережелерді сақтай біліңіз: 1. Суға шомылатын арнайы орынды дұрыс таңдай біліңіз. 2. Суға түсуге болмайтын белгіден аспаңыз, тыйым салынған жерлерге шомылмаңыз және суда жүрген моторлы кемелерге жақын жүзбеңіз. Бұл сіздің өміріңізге өте қауіпті. 3. Ата-аналар балаларға қамқорлық жасап, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмау керек! 4. Ішімдік ішкен жағдайда суға түсуге болмайды! Тыйым салынады: -Жүрек ауруымен ауыратын адамдар суға түсуге, өйткені суға түсу кезінде қосымша қорқыныштар пайда болады; -Қатты толқын кезінде суға түспеу; -Үлкендердің қарауынсыз балаларды суға шомылуға жібермеу керек; -Салқын суда ұзақ болмау, суда ұзақ болу денені салқындатады; -Қауіпті жағдай туралы хабар естігенде суда болмау; -Дәрігердің шешімінсіз су астына сүңгумен айналыспау. **Суда қауіпсіздік ережелерді сақтау қажет.** Суға тек арнайы жерлерде түсу; Суға түсу кезінде кемелерге, басқа да жүзу құралдарына жақын бармау; Камермен, тақтайлармен, басқа да жүзуге болмайтын құралдармен суға шомылуға болмайды, ескерту белгілері берілген кезде судан дер кезінде шығу; Таныс емес жерлерге, жағалауларға суға сүңгімеу; Су температурасы 18 градустан төмен болғанда суға түсуге болмайды. Суға сынған банкілерді, әйнектерді лақтыруға болмайды, олар суға түсушілерге қауіпті болады; Суда қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланбау; Суға тек қасында үлкен адамдар болғанда ғана шомылу керек. Төтенше жағдай кезінде 101 немесе 112 телефонына хабарласыңыздар

М.САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ

Өртті сөндіруден гөрі оны болдырмау оңай екенін ұмытпаңыз. Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі бұл үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелері күнделікті сақталуы керек екенін еске салады.

Отпен жұмыс жасағанда әрдайым абай болыңыз. Тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың жанында ашық отты пайдаланбаңыз, кереуетте, коммуналдық сарайларда, қоймаларда немесе жанғыш материалдар сақталатын басқа жерлерде темекі шекпеңіз.

Сіріңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтайтын орынды табыңыз. Есіңізде болсын: ересектерге еліктейтін балалар көбінесе өрттің кінәсі болып табылады және көбінесе өрттің құрбаны болады. Балаларды ересектердің қарауынсыз жалғыз қалдырмаңыз.

Газ және электрлік тұрмыстық техника (үтіктер, теледидарлар, магнитофондар және т.б.) үнемі бақылауды және жақсы жұмыс тәртібін қажет етеді. Электр үтіктерін, электр шайнектерін отқа төзімді арнайы тіректерге орнатыңыз. Өрттің алдын алу үшін оларды қараусыз қалдырмаңыз және балаларға оларды пайдалануға рұқсат бермеңіз.

Электр желілерін шамадан тыс жүктемелерден және қысқа тұйықталудан қорғау үшін тек зауытта жасалған сақтандырғыштарды қолданыңыз. Үйдегі сақтандырғыштарды пайдалану қауіпті - электр панельдеріндегі «қателер».

Баспалдақтар, дәліздер мен шатырларда сақтау бөлмелерін пайдаланбаңыз. Баспалдақтар мен шатырларда ешбір заттарды, жиһаз немесе басқа жанғыш материалдарды сақтамаңыз. Мұздатылған су құбырларын жылыту үшін ашық отты пайдаланбаңыз. Ол үшін ыстық су, бу немесе ыстық құм қолданыңыз.

Егер сізде көлік болса, бензин сақтайтын қауіпсіз орын беріңіз. Өрт пен адам өмірі тұрғысынан жанғыш сұйықтықтарды пәтерлерде, дәліздерде, баспалдақтарда, подвалдарда және шатырларда сақтау қауіпті. Шатырларға, қоймаларға, жертелелерге және ғимараттарға барған кезде сіріңкелер мен шамдарды пайдаланбаңыз. Ол үшін электр шамдарын пайдаланыңыз. Тұрғын үйдің немесе үйдің өрт қауіпсіздігі үшін жауапкершілік жалға алушылар мен үй иелеріне жүктеледі.

Егер сіздің үйіңізде өрт пайда болса, оны дереу «101» телефоны арқылы өрт сөндіру қызметіне немесе «112» жедел қызметіне хабарлаңыз. Бұл жағдайда елді мекеннің немесе ауданның, қаланың немесе ауылдың атауы, көшелер, ғимараттың қабаттары мен саны, өрт болған қабат туралы нақты көрсету қажет. Тегі, аты, әкесінің аты және қоңырау шалатын телефон нөмірін көрсетіңіз. Егер адам өміріне қауіп төнсе, балаларға, қарттар мен науқастарға үйден шығуға шұғыл көмек қажет. Бөлмеде мүмкіндігінше электр қуаты мен газды өшіру керек. Сонымен қатар, сіз импровизацияланған құралдармен өртті сөндіруді бастауыңыз керек. Үйіңізді өрттен қорғаңыз!

Ә.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Хабарландыру

► **Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады.** Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. **Бағасы 22 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.**

► **Жедел түрде 2 бөлмелі пәтер сатылады.** Сарқан қаласы Қабанбай батыр 26/41. Бағасы 5 млн теңге. Қосымша сұрақтар бойынша 8707 768 47 03 ұялы телефонына хабарласуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ШЖҚ «Сарқанжылу» МКК-сі 20.08.2024 жылы сағат 11-00-де, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 115 мекен-жайы бойынша "Аманат" партиясының ғимаратында тұтынушыларды жылумен жабдықтау тарифін бекіту туралы қоғамдық тыңдауды өткізетіні туралы хабарлайды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПВХ «Сарқанжылу» уведомляет потребителей услуг о проведении публичного слушания на утверждение тарифа теплоснабжения 20.08.2024 г в 11-00 часов, по адресу г. Сарқан ул.Тәуелсіздік 115 в здании партии "Аманат".

Бақылау кеңесінің құрамын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Жетісу облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сарқан көпсалалы колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бақылау кеңесінің құрамын тағайындау туралы байқаудың басталғанын хабарлаймыз!

Мекен-жайымыз: Сарқан қаласы, Тынышбаева №35 Б. Байланыс номері: 8705 309 35 85; 3-40-51 Ресми сайты - Sarkand_kol@mail.ru

Негізгі қызметінің сипаттамасы – Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптарда жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуы шарт:

- 1) білім беру саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі;
 - 2) білім беру саласындағы Басшы жұмыс тәжірибесі (заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл;
 - 3) білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.
2. Мынадай:
- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Құжаттар тізімі:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түп нұсқасын конвертке жапсырады, оны "түпнұсқа" деп белгілейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) Сарқан қаласы, Тынышбаева көшесі №35 Б.
 - 2) "Жетісу облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Сарқан көпсалалы колледжі" ШЖҚ МКК Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы және "2024 жылғы 26 тамызда 10 сағат 00 минутқа дейін ашпау" деген сөздерді қамтуға міндетті.
- Конкурстық өтініш Сарқан қаласы, Тынышбаева көшесі №35 Б. мекенжайына мемлекеттік және /немесе орыс тілдерінде жіберіледі.

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні-2024 жылғы " 01 " Тамыз.

Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні: 2024 жылғы " 26 " Тамыз.

Анықтама телефондары: 8 705 309 35 85; 3-40-51.

Есен туған күн, мерекелен!

Пограничник ауылының тұрғыны **Сүдірбаева Есбала Байболатқызын** 75 жасқа толған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Көненің көзіндей болған ардагерлеріміз қашан да ақылдың кенінде. Өз ортасына сыйлы, ауыл-аймағының ардақтысы, шапағатты шаралардың берекелі істердің ұйытқысы бола білген осынау мерейтой иесіне осы кісілік келбетіңізді сақтап, жақын жандарыңыздың үмітін ақтап, ортамызда аман-есен жүре беріңіз деген шынайы ақ тілегімізді ақтарамыз.

Жақсы адамның орны әрқашан

төр дейді ел,

Абыройың шарықтап, айналаңа

көлдей бол.

Берекелі ісіңмен алдың талай асуды,

Бақыт көріп ортаңда биіктерге өрлей бер!

Ізгі ниетпен: аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы **Қадыл Жанасбеков.**



Объявление

АО «КАЗПОЧТА» требуется - сортировщик.
КМФ оформление кредита на КАЗПОЧТЕ.

Объявление о проведении конкурса по отбору членов наблюдательного совета

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Саркандский многопрофильный колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» объявляет конкурс по отбору членов Наблюдательного совета

Место и дата проведения конкурса: город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. Тел. 8 705 309 35 85; 3-40-51; Сайт - Sarkand_kol@mail.ru

Краткое описание основной деятельности вышеуказанных предприятий:
Основным предметом деятельности предприятий является создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений наук и практики.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере образования, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) опыта работы не менее десяти лет в сфере образования;
 - 2) опыта руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместители) не менее пяти лет в сфере образования;
 - 3) членства в общественных объединениях в сфере образования.
- В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:
- 1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;
 - 2) являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
 - 3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
 - 4) находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Для участия в конкурсе, необходимо представить следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

- 1) быть адресованы город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б.
- 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета ГКП на ПВХ «Саркандский многопрофильный колледж» государственное учреждение «Управление образования области Жетісу» и «Не вскрывать до 10 часов 00 минут «26» августа 2024 года».

Конкурсная заявка направляется по адресу: город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. на государственном и/или русском языках.

Дата начала приема документов – «01» августа 2024 года.

Дата завершения приема документов «26» августа 2024 года.

Телефоны для справок: 8 705 309 35 85; 3-40-51.